

«Қазинвестбанкі»
акционерлік қоғамы

**Бірінші
ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА
шегінде «Қазинвестбанкі» АҚ
реттелген субординарлық купондық
облигацияларының үшінші шығарылымының
ПРОСПЕКТІ**

сомасы 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңге



Қазақстан Республикасы, Алматы, 2015 жыл

**Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі «Қазинвестбанкі» АҚ
реттелген субординарлық купондық облигацияларының үшінші шығарылымының
проспекті**

1. Осы облигациялар шығарылымы «Қазинвестбанкі» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарламасының проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

- Облигациялық бағдарлама проспекті мемлекеттік тіркелген күн: 2011 жылғы «25» мамыр (бастапқы тіркеуінің датасы – 29.06.2010 ж.).
- Шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай түрдегі облигациялық бағдарламаның көлемі: 11 500 000 000 (он бір миллиард бес жүз миллион) теңге.
- Шығарылымның реттік нөмірі: бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде 3 (екінші).
- Облигациялардың алдыңғы шығарылымы туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялардың саны, номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі мен осы облигациялық бағдарлама шегінде әр шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны):

Субординарлық купондық облигацияларының бірінші шығарылымы:

- ҰИН - KZP01Y05D782;
- Шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні - 25.05.2011 ж;
- Облигациялар саны - 4 000 000 дана;
- Номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі - 4 000 000 000 теңге;
- Орналастырылған облигациялардың саны - 3 360 242 дана.

Бағалы қағаздардың әр түрі, бұған дейін шығарылған облигациялар бойынша ұстаушыларына берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда жүзеге асырылған және ұстаушылармен арада жасалған бағалы қағаздарды сату-сатып алу шарттарымен қарастырылған құқықтар, осы құқықтардың жүзеге асырылу тәртібінің көрсетілуімен.

- Номиналдық құнды алуға;
- Проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен ақпарат алуға;
- Облигацияларды емін-еркін сатуға және басқа да жолмен иеліктен айыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен өз мұқтаждықтарын қанағаттандыруға;
- Облигацияларға деген меншік құқығынан шығатын басқа да құқықтарды иеленуге.

3. Облигациялар туралы мәліметтер:

1) *облигациялардың түрлері* – Купондық, қамтамасыз етілмеген.

2) *шығарылатын облигациялардың саны* – 25 000 000 (жиырма бес миллион) дана
шығарылған облигациялардың жалпы саны – 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңге

3) *бір облигацияның номиналдық құны* – 100 (жүз) теңге

4) *облигациялар бойынша сыйақы:*

облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі

жылдығы 8 % айналыстың бүкіл мерзіміне белгіленген мөлшерінде купондық сыйақы мөлшерлемесі.

сыйақы есептеле басталатын күн

сыйақы есептеле бастайтын күн болып, айналыс басталған күн танылады.

сыйақының төлену мерзімділігі мен күні

айналыс басталған күннен бастап, өтелетін мерзімге дейін облигациялар айналысының әр 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет.

төлену тәртібі мен шарттары

сыйақы теңгемен ақшаны ұстаушылардың ағымдағы шоттарына төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейін келетін күннен бастап, 10 жұмыс күні ішінде аудару арқылы төленеді.

Сыйақы алуға облигациялар ұстаушыларының тізілімінде төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша тіркелген тұлғалар құқылы (купондық сыйақы алуға құқылы тұлғалар айқындалатын күн).

Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, ұстаушының жазбаша талабы бойынша шетел валютасында төленуі мүмкін. Сыйақы сомасын теңгеден сәйкес шетел валютасына айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сыйақы төлеу күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Облигация ұстаушы эмитенттің төленуге тиісті сыйақы сомасын теңгеден тиісті шетел валютасына айырбастаумен байланысты барлық шығыстарын төлейді.

сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақытша база

сыйақы (купон) 360/30 мерзім базасының есебінен (жылына 360 күн/айына 30 күн) төленеді.

индекстелген облигациялар шығарылған уақыттағы есеп айырысу тәртібі

осы шығарылымның облигациялары индекстелмеген.

сыйақы төлеу үшін облигациялар ұстаушыларының тізілімін фиксациялау

тізілім осы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басында бекітіледі. Облигациялар бойынша сыйақы төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейін келетін күннен бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді.

Сыйақының соңғы төлемі облигациялардың өтелуімен бірдей жүргізіледі.

5) Мыналар қоса көрсетілген облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:

облигациялар айналысының басталу күні

Айналымы басталу күні - «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның құнды қағаздар ресми тізіміне осы облигациялар шығарылымы енгізілген күннен басталады.

облигациялар айналысы жоспарланатын (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) нарығы

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығы.

облигациялардың айналыс мерзімі және оларды өтеу шарттары

облигациялардың айналысы басталған күннен бастап, 5 (бес) жыл

Өтеу шарттары

Облигациялар ақшаны облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде

аудару арқылы соңғы кезең үшін сыйақының бірге төленуімен айналыс мерзімінің соңында номиналдық құны бойынша теңгемен өтеледі.

Соңғы кезең үшін негізгі борыш пен сыйақыны (купонды) алуға облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша тіркелген тұлғалар құқылы.

Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, ұстаушының жазбаша талабы бойынша шетел валютасында төленуі мүмкін. Негізгі борыш пен сыйақының (купонды) сомасын теңгеден сәйкес шетел валютасына айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сыйақы төлеу күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Облигация ұстаушы эмитенттің төленуге тиісті негізгі борыш пен сыйақының (купонды) сомасын теңгеден тиісті шетел валютасына айырбастаумен байланысты барлық шығыстарын төлейді.

облигациялар өтелетін күн:

облигациялар айналысының мерзімі аяқталатын, яғни, айналымы басталу күннен бастап, 5 жылдан кейінгі күн.

облигациялар өтелетін орын:

өтелген жағдайда облигациялардың номиналдық құны мен соңғы кезең үшін сыйақы «Қазинвестбанкі» АҚ-ның атқарушы органы орналасқан жерде: 050051, Қазақстан Республикасы, Достық даңғ., 172-үй, 8 қабат төленеді.

облигацияларды өтеу тәсілі:

облигациялар облигациялардың номиналдық құны мен соңғы кезең үшін сыйақы сомасын эмитент облигацияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінде төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы өтеледі.

6) облигациялар бойынша қамсыздандыру

облигациялар шығарылымы қамсыздандырылмайды.

7) облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсетуі жөніндегі шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

- Атауы - «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «MONEY EXPERTS» АҚ;
- Орналасқан жері - Алматы қ., Республика алаңы 13, 106-офис.
- Байланыс телефондары - 266 60 53, 250 20 16, 250 20 15, 250 20 14;
- Облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсетуі жөніндегі шарттың жасалған күні мен нөмірі – 2015 жылғы 02 наурыздағы нөмерсіз шарт.

8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету шартының жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі);

- Атауы - «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ;
- Орналасқан жері - Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30А/3 үй «Тенгиз тауэрс» ТК;
- Телефон нөмірлері - + 7 272 72 47 60;
- Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету шартының жасалған күні мен нөмірі - 01.01.2014 жылы № 1019.

9) облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жерлері, тиісті шарттардың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі):

Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар, Банкінің облигациялар орналастыру шешімі қабылдағаннан кейін тағайындырылады.

10) төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агенті қарастырылмаған.

11) әрбір облигациямен ұстаушысына берілетін құқықтар:

Облигацияларды ұстаушы төмендегілерге құқылы:

- Номиналдық құнды алуға
- Проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақы алуға
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен ақпарат алуға
- Облигацияларды емін-еркін сатуға және басқа да жолмен иеліктен айыруға
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен өз мұқтаждықтарын қанағаттандыруға
- Облигацияларға деген меншік құқығынан шығатын басқа да құқықтарды иеленуге.

Эмитенттен облигацияларды өтеуді талап ету құқығы.

Эмитент осы проспектімен қарастырылған міндеттері мен шектеулерді (ковенанттарды) сақтағанда осы шығарылым облигацияларын ұстаушылардың Эмитенттің сатып алуын талап ету құқығы қарастырылмаған.

11-1) басталғаннан кейін эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану мүмкін оқиғалар.

Облигациялар бойынша дефолт – осы проспектімен белгіленген сыйақыны немесе номиналды құнын төлеу мерзімі бойынша номиналды құнды және соңғы купонды сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу. Осы мерзім аяқталғаннан кейін Эмитент міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушыларының барлық құқықтары және мүддесін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Орындамау белгісіз күш жағдайларының салдары болса, Эмитент осы проспект бойынша міндеттемелерін толық немесе бір бөлігін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Белгісіз күш жағдайлары деп басталуын алдын ала білуге немесе тоқтатуға болмайтын жағдайлар (табиғат апаттары, соғыс әрекеттері, т.б.) түсініледі. Белгісіз күш жағдайлары туындағанда Эмитенттің осы проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осы жағдайлар мен салдарлары күшінде болатын уақытқа сәйкесінше кейінге қалдырылады.

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолға алатын шаралар:

Дефолт оқиғалары басталған жағдайда Эмитенттің директорлар кеңесі 20 жұмыс күнінің ішінде облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт оқиғасына алып келген себептерді жою шараларының жоспарын әзірлейді және бекітеді. Эмитент ойынша дефолт оқиғасына алып келген себептерді жою жоспарына келесі шаралар кіреді - эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешегін өтеуге бағытталған іс-шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржы-экономикалық, құқықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шараларды қамтиды (белгісіз күш жағдайларының салдары болып табылатын оқиғаларды есептемегенде).

Дефолт оқиғалары басталған жағдайда эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға негізгі міндеттеме сомасын және әрбір мерзімі өткен күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төлеуге міндетті.

Дефолт оқиғасына алып келген себептерді жою жоспар шаралары тиімсіз болса, Эмитент Қазақстан Республикасының «Банктер және банк қызмет туралы» Заның 6-1 тарауын нұсқау етіп, міндеттеме құрылымын қайта қарау шешімің қабылдауға құқылы. Міндеттеме құрылымын қайта қарау тәртібтері мен шарттары Қазақстан Республикасының «Банктер және банк қызмет туралы» Заның 6-1 тарауы және басқа заңнамалық және нормативтік-құқықтық акттары бойынша жүзеге асырылады.

Облигация ұстаушыларына дефолт фактілері туралы ақпарат беру тәртібінің, мерзімі мен әдісінің толық сипаттамасы

Осы облигациялар шығарылымындағы міндеттемелер бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент бағалы қағаздар шығарылымы проспектімен белгіленген міндеттемелерді орындау күніне дейін қалған үш жұмыс күнінен кешіктірмей бағалы қағаз шығарылымының проспектімен белгіленген борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындамауы туралы облигация ұстаушыларына дербес хабарлауға міндетті. Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің ресми сайтында (www.kib.kz) хабарлама жариялау арқылы облигация ұстаушыларына аталған мәліметтерді жеткізеді. Эмитенттің хабарламасы дефолт фактілері, соның ішінде орындалмаған міндеттемелер көлемі, орындалмау себебі туралы ақпаратты, облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттер тізімін, соның ішінде Эмитентке талап қою тәртібін, қалыптасқан жағдайды түзету үшін Эмитент атқаратын іс-шаралар, орындалмаған міндеттемелерді ықтимал өтеу мерзімдері туралы ақпаратты қамтуы керек.

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (егер бұл құқық эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен қарастырылса).

Осы облигациялар шығарылымы проспектімен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған.

12-1) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға өз қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпараттың мазмұнын, осы ақпараттың ашылу тәртібін, мерзімі мен әдісін көрсетіп ақпараттандыру, соның ішінде облигациялар шығарылымы проспектімен қарастырылған шектеулердің (ковенанттың) бұзылуы туралы ақпараттандыру тәртібі:

Эмитенттің қызметі мен қаржы жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде Эмитенттің қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептері Эмитенттің ресми сайтында (www.kib.kz), Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта аталған мерзімге және тәртіпке сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге және тәртіпке сәйкес орналастырылады және тұрақты түрде жаңартылып тұрады.

13) Облигацияларды орналастырудан ақшаны пайдалану.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі:

Облигацияларды орналастырудан алынған қаражатты келесі жолмен үлестіру жоспарлануда:

- «Қазинвестбанкі» АҚ-ның төлемпаздығын қолдау;
- «Қазинвестбанкі» АҚ-ның несиелендіру саясатына сәйкес корпоративтік клиенттерді несиелендіру.

Алынған ақшаның жоспарланып отырған үлестірілуін өзгерту қарастырылмайды.

3-1. Облигациялар өтелетін сәтке дейін сыйақылар төленетін әрбір кезең аралығындағы сыйақы төлеу үшін және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы (млн.теңге).

Ақшаның қозғалысы туралы есеп болжамы	2015 жылдың 1-жартысы	2015 жылдың 2-жартысы	2016 жылдың 1-жартысы	2016 жылдың 2-жартысы	2017 жылдың 1-жартысы	2017 жылдың 2-жартысы	2018 жылдың 1-жартысы	2018 жылдың 2-жартысы	2019 жылдың 1-жартысы	2019 жылдың 2-жартысы	2020 жылдың 1-жартысы
Активтер											
Ақшалай қаражаттар және банкінің өтімді активтері (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіде және басқа банкілердегі корреспонденттік шоттар, репо тағы басқалар).	16,754.71	17,574.31	18,313.56	19,052.81	19,075.01	19,097.22	17,638.21	18,189.86	18,746.43	19,307.62	19,873.07
Клиенттерге берілетін несиелер	85,091.28	91,290.70	95,532.65	99,774.60	100,089.91	100,405.22	103,819.73	107,350.35	111,001.04	114,775.88	118,679.09
Негізгі құрал-жабдық	3,697.44	3,784.70	3,791.49	3,798.27	3,797.60	3,796.92	3,817.29	3,837.78	3,858.37	3,879.07	3,899.88
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	3,413.77	2,757.12	2,320.52	1,883.92	2,307.58	2,731.24	2,660.02	2,590.66	2,523.11	2,457.31	2,393.24
Басқадай активтер	1,755.99	1,987.06	2,085.37	2,183.67	2,340.67	2,497.68	2,681.10	2,877.99	3,089.35	3,316.22	3,559.75
Жиыны	110,713.19	117,393.90	122,043.58	126,693.27	127,610.77	128,528.28	130,616.36	134,846.64	139,218.28	143,736.10	148,405.03
Міндеттемесі											
Клиенттердің қаражаты	93,943.48	100,270.28	103,713.44	107,156.60	108,470.51	109,784.43	113,281.27	116,889.48	120,612.63	124,454.36	128,418.46
Шығарылған борышқорлық құнды қағаздар	2,201.96	2,603.46	2,854.46	3,105.46	3,805.46	4,505.46	2,500.00	2,500.00	2,500.00	2,500.00	2,500.00
Басқадай міндеттемесі	559.85	370.34	462.24	554.14	547.51	540.88	550.00	559.29	568.72	578.32	588.08
Меншікті капитал	14,007.89	14,149.82	15,013.44	15,877.06	14,787.29	13,697.51	14,285.09	14,897.87	15,536.93	16,203.41	16,898.48
Жиыны	110,713.19	117,393.90	122,043.58	126,693.27	127,610.77	128,528.28	130,616.36	134,846.64	139,218.28	143,736.10	148,405.03
Бас мерзімдегі ақшалай қаражаттар	12,085.22	16,754.71	17,574.31	18,313.56	19,052.81	19,075.01	19,097.22	17,638.21	18,189.86	18,746.43	19,307.62
Пассивтердің өзгірістер	20,944.68	6,680.72	4,649.68	4,649.68	917.51	917.51	2,088.08	4,230.28	4,371.65	4,517.81	4,668.93
Активтердің өзгірістер	-16,275.26	-5,861.11	-3,910.44	-3,910.44	-895.30	-895.30	-3,547.08	-3,678.63	-3,815.08	-3,956.62	-4,103.48
Мерзімнің аяғындағы ақшалай қаражаттар	16,754.64	17,574.31	18,313.56	19,052.81	19,075.01	19,097.22	17,638.21	18,189.86	18,746.43	19,307.62	19,873.07

3-2. Эмитент қабылдайтын (егер бұл эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімімен қарастырылса) шектеулер (ковенанттер):

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 Қаулысының 1-1 қосымша бойынша Эмитентінің субординарлық облигацияларды екінші деңгейдегі капиталда ескеру үшін осы облигацияларды өтеуін төлеп алу талаптану болмау керек. Осы талабы негізінде шектеулер (ковенанттер) бұзған кезінде облигация ұсташыларына бұрыннан өтеуін төлеп алу құқықтарды бермеу үшін Эмитент осы субординарлық облигацияларының шығарылымына шектеулер (ковенанттер) қабылдаған жоқ.

4. опциондар туралы ақпарат:

Опциондар қарастырылмаған

5. Айырбасталатын облигациялар:

Облигациялар айырбасталмайды.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

Облигациялар айналымы басталған күн облигацияларды орналастыру басталатын күн болып табылады. Облигациялар ұйымдастырылған нарықта бүкіл айналым мерзімі бойы орналастырылады. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған нарықта орналастырылады.

2) акцияларға айырбасталған облигациялар жазылу арқылы орналастырылған жағдайда айырбастау шарттары көрсетіледі;

Айырбасталмайтын облигациялар

3) облигацияларға төлем жасаудың талаптары мен тәртібі:

Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда жүргізу арқылы орналастырылады, облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес төленеді.

Басқарма төрағасы



Джанабеков Н.К.

Бас бухгалтер

Елена Ким

Процедурано _____ 25 _____

Пронумеровано _____

Председатель Правления АО «Казинвестбанк»

 Джанабеков Н.К.

Главный Бухгалтер АО «Казинвестбанк»



Елена Ким

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

20 15 ж. « 10 маусым »